

Мектепалды даярлық топ ата-аналарына арналған ЖАДНАМА

Баланың мектепте білім алуға деген мотивациясын қалыптастыру

Білім алуға психологиялық дайындық деген не?

Бұл болашақ бірінші сынып оқушысының үлгерімін болжауға мүмкіндік беретін кешенді көрсеткіш. Яғни, *психологиялық дайындық келесі құрамдас бөліктерден тұрады:*

- Зияткерлік;
- Ерік күш жігерлік;
- Әлеуметтік (коммуникативтік);
- Мотивациялық.

1. Зияткерлік дайындық дегеніміз таным үдерістерінің жас ерекшелікке сай тиісті деңгейде дамуы (ой операцияларының, тілдің, зейіннің, есте сақтау қабілетінің, қабылдаудың, ұсақ қол машықтарының даму деңгейі).

2. Ерік күш жігерлік тұрғыдағы дайындықтың көрсеткіштері:

- Алдына мақсат қоя білу;
- Іс-әрекетін жоспарлап, жүзеге асыра білу;
- Ұзақ уақыт өзін қызықтырмайтын әрекетпен айналыса алуы, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуі;
- Өз еркімен таңдау жасауға, шешім қабылдауға қабілеттілігі.

3. Әлеуметтік (коммуникативтік) дайындық.

Баланың құрдастарымен және үлкендермен еркін қарым-қатынасқа түсе алуы. Әлеуметтік дайындық деңгейі баланың өз мінез құлқын әлеуметтік ортадағы заңдылықтарға, нормаларға бағындыра білуінде, басқа балалармен бірлесіп әрекет жасауға қабілеттілігінде, басқалардың ойымен санасып, өз ойын еркін айта білу қабілеттерінен көрініс табады. Әлеуметтік дайындықты қалыптастыруда баланың өзін өзі бағалауы адекватты болуы өте маңызды.

Белсенділік, тапқырлық, сергектік, сынды дұрыс қабылдай білу, коммуникативтік – өзін өзі дұрыс бағалайтын баланы сипаттайтын қасиеттер. Ата – ананың отбасындағы қарым-қатынаста және де туыстарымен, достарымен, көршілерімен қарым – қатынастағы шыдамдылық пен толеранттылығы бала үшін үлгі және әлеуметтік дайындықты қалыптастыруда өте маңызды рөл ойнайды.

4. Мотивациялық дайындық – бұл баланың оқушы әлеуметтік рөлін қабылдауға ынта ықыласының көрсеткіші: педагогтар мен ата – ана мақсаты баланың бойында оқуға білім алуға деген ынта ықыласын қалыптастыру. Осы орайда, қызуғышылық пен терең ішкі мотивацияны шатастырмау керек. Баланың мотивациялық дайындығын қалыптастыруда ата – ананың үлесі өте үлкен. Ата – ана мектепке бару, білім алу – әр адамның міндеті екендігін түсіндіріп айтып отыруы керек. Үйде мектеп, оқу, білім алу туралы айтқан кезде мектеп туралы балада тек жағымды образ қалыптастыруға тырысу керек.

(Жаңалықтарға балалардың қызығушылығын оята білу қажет: мұражай, театр, кітапхана, көрме сияқты жерлерге апарып, энциклопедиялар көрсетіп, мектепте жақсы оқитын белсенді балалармен таныстырып, балаға қолдау көрсету арқылы сенімдерін арттырып отыру қажет).

Балаңыз сіздің қолдауыңыз бен махаббатыңызды сезінуі үшін оған жиі-жиі жылы сөздер айтып, мақтап отырыңыздар. Бұл оның білім алудағы күрделі жолда қолдап, оқуға деген ынтасын арттыраы сөзсіз!

